

Сарыағаш аудандық мәслихатының 2013 жылғы 18 қазандағы № 21-173-V " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2014 жылғы 20 ақпандағы № 28-214-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 наурызда № 2570 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 маусымдағы № 41-370-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 26.06.2015 № 41-370-V шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-3 тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасында қаржы нарғының тұрақсыздануына байланысты аз қамтылған отбасыларын әлеуметтік тұрғыда қолдау мақсатында 2014 жылы қосымша материалдық көмек көрсету үшін, Сарыағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2013 жылғы 18 қазандағы № 21-173-V «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2398 тіркелген, 2013 жылғы 15 қарашада «Сарыағаш» газетінде жарияланған) шешіміне мынадай толықтыру енгізілсін: көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасында: мынадай мазұндағы 9-1 тармақпен толықтырылсын:

«9-1. Халықтың аз қамтылған отбасыларды қолдау мақсатында, Ұлттық валюта курсының төмендеуі орын алған айдан бастап үш ай мерзімге отбасыға ай

сайын 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсету.
Әлеуметтік көмек өтініш берген айдан бастап үш айға тағайындалады және ай
с а й ы н т ө л е н е д і . » .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа
енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы А.Тотиков

Аудандық мәслихат хатшысы Б.Садықов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК